

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтуге дейін және одан кейін) берешекті өтеу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 668 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтуге дейін және одан кейін) берешекті өтеу туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке қағидааттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтуге дейін және одан кейін) берешекті өтеу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.15. N 145 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтуге дейін және одан кейін) берешекті өтеу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,
1992-1993 жылдардағы борыштық міндеттемелер мен талаптарды (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтуге дейін және одан кейін) реттеу қажеттігіне сүйене отырып,

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы үкіметаралық комиссияның бірінші мәжілісінің 1999 жылғы 22 қазандағы хаттамасына сәйкес төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Әзірбайжан Тарабы қазақстан Тарабының алдындағы 1992 - 1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтуге дейін және одан кейін) берешекті мойындайды.

2. Тараптар Әзірбайжан Республикасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек сомасын 16900000 (он алты миллион тоғыз жүз мың) АҚШ доллары мөлшерінде белгіледі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.03.30. N 427 Қаулысымен.

2-бап

1. Әзірбайжан Тарабы 2009 жылғы 1 қаңтар - 2010 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде 16900000 (он алты миллион тоғыз жүз мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі берешек сомасын өтейді.

2. Берешек сомасын өтуге төлемдер осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес берешек сомасының 1/4 мөлшерінде тең жарты жылдық үлестермен жүргізіледі.

3. Берешек сомасын өтуге төлемдерді жүргізу күндері тиісті жылдың 15 (он бесінші) сәуірі және 15 (он бесінші) қазаны болып белгіленді.

Әзірбайжан Тарабы берешек сомасын өтуге бірінші төлемді 2009 жылғы 15 сәуірде жүргізуге міндеттенеді.

4. Әзірбайжан Тарабы қазақстан Тарабымен келісім бойынша берешек сомасын мерзімінен бұрын өтуге құқылы.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.30. N 427 Қаулысымен.

3-бап

1. Осы Келісімнің 2-бабының 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүргізілмеген төлем, мерзімі өткен төлем болып есептеледі.

2. Мерзімі өткен төлемдер сомасына мерзімі өткен әр күнге жылына 360 күн есебінен жылына 4 (төрт) пайыз тіркелген ставка бойынша айыппұл пайыздары есептеледі.

3. Айыппұл пайыздарын есептеу бойынша жалпы мерзімді есептеу берешек бойынша төлем жүргізілген күннен кейінгі күннен басталады және берешекті іс жүзінде өтеген күні аяқталады.

4-бап

1. Берешекті өтеуге төлемдерді, айыппұл пайыздарын есептеуді және төлеуді әзірбайжан Тарабы АҚШ долларымен осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес қазақстан Т а р а б ы н ы ң ш о т ы н а жүргізеді.

2. Төлемді орындау күні осы Келісімнің 4-бабының 1-тармағына сәйкес соманың шотқа түскен күні болып есептеледі.

3. Егер осы Келісім бойынша сол немесе өзге төлем мерзімі бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумағында жұмыс күні болып табылмайтын күнмен сәйкес келген жағдайда, мұндай төлем келесі жұмыс күні жүргізіледі.

5-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

6-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер жолымен шешетін б о л а д ы .

2. Егер дауды осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен реттеуге қол жеткізе алмайтын жағдайда, Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік ережелеріне сәйкес құрылатын "ad hoc" Төрелік сотына жүгіне алады.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

8-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім Тараптар өз міндеттемелерін осы Келісім бойынша толық орындаған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.30. N 427 Қаулысымен.

200__ жылы " __ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ,
әзірбайжан және орыс тілдерінде түпнұсқалық екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің
д е к ү ш і б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда
Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі
арасындағы 1992-1993 жылдардағы
сауда-экономикалық қатынастардың
нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік
шоттар бойынша есеп айырысуға
өтуге дейін және одан кейін)
берешекті өтеу туралы келісімге

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.30. N 427
Қаулысымен.

Берешек сомасы	1 6 9 0 0 0 0 0
Өтеудің басталуы	2009 жылғы 15 сәуір
Өтеудің соңғы күні	2010 жылғы 15 қазан
Төлемдер саны, барлығы	4

АҚШ долларымен

Күні	Борыш сомасы	Борышты өтеу
2009 жылғы 15 сәуір	16900000	4225000
2009 жылғы 15 қазан	12675000	4225000
2010 жылғы 15 сәуір	8450000	4225000
2010 жылғы 15 қазан	4225000	4225000
ЖИЫНЫ		16900000

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі
арасындағы 1992-1993 жылдардағы
сауда-экономикалық қатынастардың
нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік
шоттар бойынша есеп айырысуға
өтуге дейін және одан кейін)
берешекті өтеу туралы келісімге

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің ағымдағы шоттарына шетелдік валютадағы ақшаны аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректемелері:

Банктің атауы: National Bank of Republic Kazakhstan

к о д ы : N B R K K Z K X

Шот нөмірі: USD 001073140

Делдал банктер

Валюта	SWIFT коды	Корреспондент атауы	банктің Шот нөмірі
USD 500,000.00 астам	FRNYUS33	Federal Reserve Bank of New York, NY	021087219
USD 500,000.00 кем	BKTRUS33	Deutsche Bank Trust Company Americas New York, NY	04098631

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК